



Автор: Мырзағали Перизат Сәкенқызы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Тарихи тұлғалар

Тақырып: Ұлы дала ұлағаттары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Ұлы дала ұлағаттары
Сабақтың мақсаты:	6.Т/А5 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру. 6.О7 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау. 6.ӘТНЗ көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.
Тілдік мақсаттар:	Барлық оқушылар: тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беріп, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыра алады;энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алып, авторына сілтеме жасап,көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата біледі. Оқушылардың көпшілігі: тақырып бойынша қосымша мәліметтер келтіре алады. Кейбір оқушылар: тақырып бойынша қосымша мәліметтер келтіре отырып, бүгінгі өмірмен байланыстыра алады.
Күтілетін нәтиже:	сабақты толық түсінеді
Бағалау критерийлері:	1. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беріп, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыра алады. 2. Көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата біледі.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» идеясының:тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылығы.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	видеороликтер
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы (Алаш қозғалысы)
Бастапқы білім:	Тарихи тұлғалар , жайлы түсініктері бар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Тренинг Тақтада ұлы тұлға суреттері.Тақырып ашылады. «Бұлар кімдер? Қалай атаймыз?» «Ұлы дала ұлағаттары» - Ойқозғау - «Ұлы дала» дегенді қалай түсінесіңдер? - «Ұлағат» сөзі қандай мағына білдіреді? «Кел, балалар, оқылық!» деп ұрпағын оқу –білімге шақырған Ұлы тұлға кім еді? (Ыбырай Алтынсарин) -	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	Мәтінді тыңдау Ендеше Ы.Алтынсарин туралы тыңдалым. Ұжымдық жұмыс Постер. 4-тапсырма Мәтінмен жұмыс Сұрақ құрастырып, бір – біріне ауыстыру Сергіту сәті Ыбырай Әлихан атын толық жазып. Әріпті жазбас бұрын бір мәлімет айту керек Тілдік бағдар:Эвфемизм және дисфемизм туралы түсінік беру. Жұптық жұмыс 6-тапсырма Эвфеизм сөздер Дисфемизм сөздер Ақсаусақ, қолды болды, жүріп кетті, сөзуар, жылампаз, (қағынды) жүгермек, шөпжелке, айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады, о дүниелік болды, көз жұмды, қол салды, қаза болды, сужұқпас, жылмағай Пысқырма,өсекші, ақсақ, оңбаған, қортық, ауызымды аңқитып кетті. Деңгейлік тапсырма 7 мин 1.Сөз тіркестерінен эвфемизмдердіңастын сыз, мағынасын аш. Марат келді, аузы жеңіл, дала жылы, сылтыпбасады, мұғалім келді,құлағы мүкістеу, нұрын төкті, қолды болды, табиғаткеремет, өмірден озды, әдемі көйлек. 2.Сөйлем ішінен эвфемизм мен дисфемизмдерді тап. 1.Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған (Абай) Дүниеге бой алдырған – дүниеге құныққан. (эвфемизм) 2.-Әй, қара сақал! Тек тиіп қара, қолыңда өлем!- деп анадай жерде жатқан балтаны көтеріп - ақ алдым. Ғ.Мүсірепов Қара сақал – кемсіту мақсатында 3. Күллі ауылдың боқмұрын тентектері де өзіне өлердей үйір болатын. (Қ.Жұмаділов) 3.Эвфемизмді дисфемизмге айналдыр. Ұры – қолының сұғанағы бар Өсекші – сөз таситын адам Мылжың – көп сөйлейтін адам Топас- білімсіз Соқыр – зағип адам Ақсақ- аяғын сылтып басу Саңырау – құлағының мүкісі бар Боқмұрын – жасы кіші адам.	
Сабақтың соңы (5 минут бекіту тапсырмалары)	семантикалық карта	
Рефлексия (5 минут)	кері байланыс	